

ШОЛУЛАР, СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

ОБЗОРЫ, КРИТИКА И БИБЛИОГРАФИЯ

FTAMP 13.41.15

Н.Ғ. Аниева

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы

ҚАШЫҚТЫҚТАҒЫ ДЕРЕКҚОРЛАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада кітапханаларда қолданылатын ақпаратты технологиялардың көмегімен қашықтықтағы дерекқорларды пайдалану мәселелері қарастырылған. Әлемде болып жатқан пандемия әсерінен кітапханалар қашықтықтан қызмет көрсету барысында қашықтықтағы дерекқорларды белсенді пайдалана бастады. Шетелдік және отандық ірі библиографиялық мәліметтер қорындағы ақпаратты қолжетімді ету қажеттілігі туындады. Шетелдік мәліметтер қорының ресурстарын тегін пайдалану үшін кітапханаларға үкімет тарапынан қосымша қаржы бөліне бастады. Осыған орай жаңа қоғамға сай қызмет етіп, стратегиялық даму бағыттарын жүзеге асыру үшін кітапханаларда тиімділікті арттыратын цифрлы технологияларды енгізіп, білікті мамандарды даярлау бағытында кешенді жұмыстар атқарылып жатыр. Жаңа ақпараттық технологияларды енгізу бұл кітапханашылардың ойын жаңашылдыққа бұру және өзгерту болып табылады. Кітапханашылардың пайдаланушыларға қашықтықтан қызмет көрсетуді ұйымдастыру барысында жаңа әдістерді қолданып, оқырмандарды сапалы ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатындағы жетістіктері туралы баяндалды.

Кілт сөздер: қызмет көрсету, мәліметтер қоры, цифрлы технологиялар, ақпарат, білікті маман, пайдаланушылар, қоғам, ғаламтор.

КІРІСПЕ

Бүгінгі заманның цифрлы технологиялары қоғамның барлық салаларына өз әсерін тигізіп жатыр. Кітапхана саласының дамуында да тың өзгерістер орын алды. Осыған орай жаңа қоғамға сай қызмет етіп, стратегиялық даму бағыттарын жүзеге асыру үшін кітапханаларда тиімділікті арттыратын цифрлы технологияларды енгізуде кешенді жұмыстар атқарылуда. Қазіргі уақыттың түбегейлі өзгертілген жағдайларында кітапхана азаматтардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған халыққа қажетті қызмет көрсетудің жиынтығын ұсынуы керек. Құжаттарды көпшіліктің пайдаланылуына жинайтын, сақтайтын және қоғамдық пайдалануды қамтамасыз ететін мекемеден, кітапхананы танымның барлық түрлерін қолдайтын және пайдаланушылардың үнемі өзгеріп жатқан өмір жағдайына бейімделуіне мүмкіндік беретін құзыреттіліктерін иеленетін ашық инновациялық-ағартушылық және білім беру орнына айналдыру керек.

Демек, қазіргі күнгі және болашақтағы адамзат баласының өмірінде, оның ақпаратпен қамтамасыз етілуінде ғаламтордың рөлі басты болатындығы сөзсіз. Қазіргі таңда ғаламтор қай сәтте болмасын жылдам ақпарат алмасу, оны тарату, қай салада болмасын басқаруды, бақылауды жеңілдететіні анық. Сондықтан да әлем оның тиімділігін жедел қабылдап, өз қызметінде қолданды.

Үшінші мыңжылдықтың басы әлемдік өркениеттің қарқынды дамуымен, қоғамдық өмірдің барлық саласының жаһандық ақпараттануымен ерекшеленеді. Ақпараттық-технологиялық революция нәтижесінде қазіргі қоғамдағы ақпарат саласының орны мен маңыздылығы толық өзгеруде. Сол себепті, ақпараттану саласы мемлекеттік басқару

жүйесінің басымды объектісі болып табылады. Қазіргі таңда бүкіл әлемде болып жатқан кең ауқымды қайта құрулар ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жиырма бірінші ғасыр қоғамының қалыптасуына әсер ететін ең маңызды факторлардың бірі болып табылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар әлемдік экономиканың қарқынды түрде дамуына маңызды стимул болып отыр [1, 56].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазіргі уақытта технологиялар өте тез дамып келеді және сандық құжаттар түрлерінің жіктелуі, бір жағынан, әдістемелік тұрғыдан айқын емес, екінші жағынан, өте динамикалық. Сандық мұраны сақтау көптеген мекемелер үшін әлі зерттелмеген аумақ болып табылады. Ынтымақтастық және тәжірибе алмасу-үлкен қателіктерден аулақ болудың маңызды шарттары.

Қазақстандық ұлттық электрондық кітапхананың маңызды жүйе құраушы қызметі отандық ғылым мен мәдениетті дамытуға ықпал ететін электрондық құжаттардың ұлттық репертуарын қалыптастыру, оларды қоғамдық пайдалануға беру болып табылады. Ол үшін мынадай міндеттерді шешу қажет: барлық интернет-ресурстардан өздерінің формальды, функционалдық және мазмұндық сипаттамалары бойынша кітапхана ісінің объектілеріне жатқызылуы мүмкін электрондық құжаттарды бөліп алу; қолда бар ресурстарға түгендеу және бағалау жүргізу; олардың иелері арасында электрондық құжаттармен алмасу тетіктерін құру; елдің кітап-журнал қорын сандық форматқа ауыстыру саясатын анықтау; депозитарлық сақтау түрінде аналогы бар мемлекеттік жүйе негізінде электронды құжаттардың өмірлік циклін ұзақ уақыт сақтауды қамтамасыз ету.

Қазақстанның ұлттық электрондық кітапханасы өз қорының жалпы қолжетімділігін және электрондық құжаттардың идеологиялық, сондай-ақ технологиялық деңгейлерде ұзақ уақыт сақталуын қамтамасыз етеді. ҚазҰЭК ашық жүйе болып табылады, оны құруға ведомстволық бағынуына қарамастан ғылымның, мәдениеттің және білім берудің барлық ұйымдары мен мекемелері қатысады, бұл жалпы стандарттар мен хаттамаларды әзірлеуді және қабылдауды қоса алғанда, техникалық және технологиялық шешімдермен бекітілуге тиіс. Ақпараттық технологиялар кітапхананы пайдаланудың әдісінің өзін де өзгертеді. Қазір біз пайдаланушылардың санының күрт төмендеуіне тап болдық, олардың көбі желіге кетіп қалған. Қазір кітапханашылар кітапханаға келген шынайы пайдаланушыларды ғана емес, сондай-ақ қашықтағы (виртуальді) пайдаланушыларға да қызмет көрсетеді. Көптеген оқырмандар кітапханашының кеңесіне мұқтаж, кітапханашы өздерінің кітап қорларынан басқа, сондай-ақ электрондық ресурстарды да білулері қажет. Осыдан біз кітапхана қызметкерлерінің, оның ішінде қызмет көрсету бөлімдерінің көп қызметкерлерінің жаңа жағдайларда жұмыс істеуге дайын емес екенін байқаймыз.

Жаңа ақпараттық технологияларды енгізу бұл кітапханашылардың ойын жаңашылдыққа бұру және өзгерту болып табылады. Кітапханашылар пайдаланушыларға қызмет көрсетуді ұйымдастыруды басқаша ойластырып, және оқырмандарды сапалы ақпараттармен қамтамасыз ету керек.

Әлемдік ақпараттандыру және қоғамды компьютерлендіруге деген тенденция компьютерлік мәдениетке оқытуға, ақпаратты қоғам технологияларына, ақпараттық ресурстар мен қызмет көрсету жүйесін ұйымдастыруды құру және пайдалануына әр түрлі ақпараттарға көпәспектiлi және оперативтi түрде кiрудi қамтамасыз ететiн түрлi деңгейдегi тораптарға деген қажеттiлiктi күшейтiп отыр.

Кітапханалармен басты технологиялық жүйені игеру екі бірімен - бірі байланысты бағытты жобалайды. Ол:

- Қашықтықтағы ресурстарды пайдалану;
- Қашықтықтан қолдану үшін кітапхана ресурстарын ұсыну.

Бірінші бағыт кітапханадағы барлық анықтамалық және библиографиялық қызмет тұрмысының әр-алуан ақпаратты интернетке кіруін қарастырады.

Интернетке қосылу кітапханадағы үлкен мүмкіндігі бар виртуалды ақпараттық-библиографиялық аппараттың пайда болуын көрсетеді. Басты кезеңдерде жүйелі ресурстарды игерудің ең нәтижелісі кітапхананың электронды каталогы болып табылады. Өкініштісі, отандық кітапханалар әзірше өздерінің каталогтарын жүйеге ұсынған жоқ. Бірақ, интернетке жол аша отырып, әрбір қазақстанның кітапханасы өздерін автоматты түрде көптеген әлемнің елдерінің электронды каталогына жолды қамтамасыз етіп, бір уақытта өзінің библиографиялық ресурсын орасан зор масштабқа кеңейтеді, негізінде бүкіл әлемдік библиографиялық кітаптардың репертуарына ие болады. Бүгінгі таңда интернет арқылы әлем бойынша 500-ден астам кітапханалық каталогтарға мүмкіндік алуға болады.

Ең үлкен ақпараттық каталог-АҚШ Конгресс кітапханасының каталогы. Ол 27 млн. аса библиографиялық жазуларды қамтиды, оның ішінде әртүрлі жылдардағы көптеген орыс тіліндегі әдебиеттік басылымдар жинақталған. Іздеу жүйесі автор, рубрика, тақырып, басты сөздер, ISBN, баспа жылы бойынша іздестіру қорытындысын нақтылауға мүмкіндік береді. Бұл каталогтардан басқа Йель, Колумбия, Гарвард сияқты ірі американдық университеттердің каталогтары өте танымал. Батыс кітапханалары каталогтарының ерекшелігі, олар басылым туралы толық мәліметтерді ұстайды: кітап кезеңі, карталар, шағын фильмдер, компьютерлік файлдар, мерзімді басылымдар.

Ғаламтор арқылы аналитикалық материалдар – мерзімді басылымдардан мақала және жинақтар туралы ақпарат алу өте қиын. Барлық кітапханалар өздерінің оқырмандары үшін осындай мағұлмат базасын алады, бірақ авторлық құқық заңы онлайндық мүмкіндікке пайдаланушыларға тиым салады. Осы себептен, интернеттен қандай да болсын іздеуге жіберілген, библиографиялық мағұлмат базасын табу өте қиын. Оның қатарына әмбебаптық профильдегі бірден-бір мағұлматтар базасының иесі Колорадо штатының ғылыми кітапханалар бірлестігі /CARL/ UnCover (Telnetpac.carl.org) қосылмайды. Библиографиялық мәліметті анықтау мүмкіндегінен басқа, базаның иелері қысқа мерзім ішінде факс арқылы мақала мәтінінің өзін ұсынады. Әрине, мұндай қызметтер ақылы. Un Cover жүйесі - автор, тақырып, кілттік сөз арқылы іздестіруге мүмкіндік береді. Базаға кіре отырып, біріншіден өзіңді тіркеп, одан кейін қызықтыратын білім саласын көрсету қажет. Бұдан басқа нақты мәтін бойынша библиографиялық тізімі бар, тегін таратылатын библиографиялық материалдарды іздестіру жүйесінің көмегімен табуға болатын, Web-беттерінен және Gopher іздестіру жүйесі арқылы әртүрлі үкіметтік, ғылыми және білім беру мекемелерінен алуға болады. Мысалы, мұндай библиографиялық сұрыптаулар ERIC білім беру мекемесінің сервері ұсынған кеңінен таралған әдебиет тізімі қызмет етеді [2, 84].

Фактографиялық сипаттағы сұранысты, сөздік және анықтама, электрондық энциклопедия түрлерімен қанағатандыруға болады. Сонымен қатар, баспаға қарағанда электронды көздері жиі жаңаланып, көптеген жаңа ақпараттар бере алады. Виртуалды анықтамалық-библиографиялық аппараттарды қолдану кезінде, олар ағылшын тілінде берілетіндігін есте сақтаған жөн. Соңғы уақыттарда бұл жағдайлар Ресей блогі интернетінің тез кеңеюінің есебінен өзгере бастады, сол себептен жақын арада Қазақстанда да бұл мәселелер шешіледі деп үміттенеміз. Егер барлық кітапханалар үшін сыртқы шалғай ресурстарды қолдану бірдей болса, облыстық аймақтық, республикалық кітапханалар интернетке өз мәліметтерін ұсынуда өзіндік спецификасымен ерекшеленетіндігі айқын. Осы кітапханалар нақты аумақ туралы мәліметтерді жинақтау орталығы болғандықтан, оларға ұсынатын ақпараттың түйіні болып өлкелік сипаттағы мәлімет болуы тиіс. Атап айтқанда, осы мәліметтер кітапханалар үшін, әлемдік жүйе бірлестігі үшін үлкен баға жетпес құнды мәліметтер болып табылады. Сандық ақпаратты қалаған баспа құжаттарына қарағанда тез іздеу және сақтауды қамтамасыз етеді. Қалыптасқан жағдайды талдай отырып, кітапхана өзінің қызметін сандық алапқа кіргізе отырып, позициясын сақтап қала алады. Және бұл жұмыстар бір уақытта екі бағытта атқарылуы тиіс. Ақпараттық коммуникация жүйесін интернетке қалыптастыру, дәстүрлі әдетке параллелді барлық ақпараттық институттардың

алдында жаңа мәселелерді қояды. Кітапханалар үшін басты мәселе ақпаратты сақтау саласында өзінің монополистік рөлін жоғалтуы болып табылады. Интернеттің өзі үлкен шығыс көздерінің алқабы. Бұл ақпараттық алабтар қоғамдық өмірде үлкен ролді ойнайды және ақырындап мәнді ақпараттық процесстер сандық деңгейге көшеді. Сандық ақпарат көздерінің өскені мен жұмыс орнында, оқу немесе мекен –жайында барлық оқырмандардың бірдей интернет желісіне мүмкіндігі жоқ. Бұл ақпараттық көздерге азаматтардың теңсіздігін көрсетеді, әрине ақпараттық жағдайда әлеуметтік салдарға әкелуі мүмкін. Бұл жағдайда кітапханалар интернет ақпаратын пайдалануға жол беру үшін қоғамдық нәсілге бөлінбеуге шақырады. Осы мәселелерді жүзеге асырмай кітапханалар өзінің негізгі авторитетін жоғалтып алуы мүмкін. Сандық ортада кітапханаларда барлық түрдегі құжаттардың электронды хабарлар, кітаптар, мерзімді басылымдар, ақпарат жинақтау агенттіктерімен үлкен бәсекелестік пайда болады. Олардың жинақтаған мәліметтері жоғары сапалы және сенімді, кез келген уақытта, тәулік бойына, кез-келген жерде делдалсыз интернеттің ұсынуымен қызмет көрсетеді. Дегенмен, көптеген толық мәтінді мәліметтер қорына мүмкіндік ақылы.

Қойылған міндеттердің ауқымдылығына байланысты ҚазҰӘК-ны қалыптастыру тек кітапхана ғана емес, сонымен қатар ғылыми, мәдени-ағарту, білім беру қоғамдастықтарының шоғырландырылған күш-жігерін талап етеді. Электрондық құжаттық кеңістіктің барлық субъектілерінің алдында тұрған өзекті міндеттер оларды электрондық кітапханалар қорларына енгізу үшін электрондық құжаттарды іріктеу критерийлерін әзірлеу; баспа басылымдарын цифрландыру кезінде қайталануды болдырмау; электрондық кітапханалардың техникалық параметрлер бойынша үйлесімділігі; олардың функцияларын межелеу және басқалар болып табылады. Елдің электрондық құжаттар қорын толықтыруға және дамытуға ықтимал мүдделі серіктестердің қатарына мыналар жатады: кітапханалар мен ғылыми-техникалық ақпарат органдары, ғылыми-білім беру ұжымдары, баспалар мен журналдардың редакциялары, желілік қауымдастықтар, консорциумдар, ақпараттық жүйелер, мұрағаттар, мұражайлар. Оқу және ғылыми институттар, баспалар, қоғамдық және басқа да ұйымдар ҚазҰӘК инфрақұрылымы мен оның ақпараттық базасына сүйене отырып, өздерінің тақырыптық топтамалары мен электрондық кітапханаларын қалыптастыру мүмкіндігіне ие болады. Электронды ресурстарды құрушыларға кітапхана қоғамдастығының құжаттардың үлкен ауқымын ұйымдастырудағы тәжірибесі пайдалы болады, бұл, атап айтқанда, қорды ұйымдастыруды қажетті нормативтік-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеуге мүмкіндік береді.

ҚазҰӘК-ны ілгерілетуді оның электрондық құжат кеңістігінің базалық сегменті және оның мүшелеріне электрондық құжаттардың ашық әмбебап қорын ұсынатын ақпараттық қоғамның ажырамас әлеуметтік институты ретінде екі жақты ұстанымына сүйене отырып жүзеге асыру орынды [3, 15].

ҚОРЫТЫНДЫ

Кітапхана саласының мамандары кітапханаларды электрондық және цифрлық құжатқа бейімдеу әдістемесі мен тәжірибесінің негізгі аспектілерін қарастырды, бұл өз кезегінде электронды құжат кеңістігінде кітапханалардың жұмысына тұжырымдамалық көзқарасты дамыту туралы айтуға мүмкіндік береді. Еліміздің электрондық құжаттық кеңістігінің жүйе құраушы элементі ретінде Қазақстанның ұлттық электрондық кітапханасының қорын қалыптастыру қағидаттары, электрондық кітапханаларды құрудың перспективалық бағыттары айқындалды.

Жаңа ақпараттық технологияларды енгізу кітапхана пайланушыларына басқаша қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Оларды қолдану қызмет көрсету дәстүрлі құралдарының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Мультимедиялық технология жекелей әрі топтық, көпшілік қызмет көрсетуді жетілдіру болашағын ашуда. Бұл өз кезегінде кітапхана мамандарының ақпараттық кәсіптенуі өзгеруін қажет етеді.

Сондықтан маңызды және күрделі мәселелердің бірі қызмет көрсету бөлімдері кітапханашыларының біліктілігін жетілдіру мен базалық даярлау болып табылады. Оған барлық қырлары бойынша технологиялық және психологиялық жоспарды кәсіби білім беруді жетілдіру қажеттілігі кіреді.

Кітапханашылар пайдаланушыларға сапалы қызмет көрсету үшін жоғары деңгейде компьютерлік мәдениетті игеріп, психологиялық сауатты болғысы келеді. Бірақ бұл міндетті шешу көптеген себептермен тіпті «кітапханалық қызмет көрсету» жоғары оқу орны курсы көлемінде қиынырақ. Оқу жоспарлары мазмұны мен құрылымына, білім беру технологияларын оқытуда, соның ішінде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалануда өзгерістер қажет.

Қазіргі уақытта кітапхана ісін дамытуда көптеген істер атқарылуда. Бүгінде интернетсіз, компьютерсіз, факс, электронды каталог және т.б. қазіргі заманғы технологияларсыз кітапхана жұмыстарын елестету мүмкін емес.

Сонымен қатар кәсіби өз білімін жетілдіру ролі де жоғары. Бұл жұмыс тек кәсіби білімді байытып қана қоймай кітапхананың практикалық мақсатында кітапханалық қызмет көрсету бойынша білімдер жүйесін шығармашылық меңгеруді қажет етеді. Қорытындылай келе, қазіргі кезде заман талабына сай кітапхана ресурстарын пайдалану және білім беру үдерісінде оқырманның шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік беретін кітапхана кеңістігін ұлғайту аса қажет.

Қазақстандық электрондық ресурстардың саны, әсіресе ғаламторда, өте жоғары қарқынмен өсіп келе жатқанын атап өткен жөн. Соңғы жылдары мәселелік бағдарланған деректер банктері мен электронды кітапханалар белсенді дамып келеді, алайда ғылыми және білім беру мақсатында арнайы тақырыптық мәліметтер базасы жеткіліксіз екенін атап өткен жөн.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Библиография: Оқу құралы/ Е.Ж. Әли, Ш.Б. Мукашева, М.Ш. Нурпеисова, А. Тиерменова – Нұр-Сұлтан: «Кәсіпқор» Холдингі коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 2019 ж. – 138 б.
- 2 Даулеткалиева Г. Кітапхана – білім беру мекемесінің ақпараттық орталығы // Кітап патшалығы. – 2020. – №5-6. – 82-85 б.
- 3 Қаймақбаева Қ. Электронды кітапхана-заман талабы// Кітап және кітапхана. – 2020. – №3. – 12-16 б.

Материал 23.06.2021 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 E. zh.Ali, Sh. B.Mukasheva, M. Sh. Nurpeisova and A. Tiermenova (2019), bibliography: textbook/.; non – profit Joint Stock Company "Kasipkor" holding, Nur-Sultan, Kazakhstan.
- 2 Dauletkaieva, G. (2020), «Library-Information Center of an educational institution», book Kingdom, vol. 5-6, pp. 82-85.
- 3 Kaimakbaeva, K. (2020), « Electronic Library-a requirement of time», book and library, vol.3, pp.12-16.

Проблемы эффективного использования удаленных баз данных

Н.Г. Аниева

Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

В статье рассматриваются вопросы использования удаленных баз данных с помощью информационных технологий, используемых в библиотеках. Из-за пандемии, которая происходит в мире, библиотеки начали активно использовать удаленные базы данных в процессе дистанционного обслуживания. Возникла необходимость сделать доступной

информацию из крупнейших зарубежных и отечественных библиографических баз данных. Для бесплатного использования ресурсов зарубежных баз данных библиотекам начали выделяться дополнительные средства со стороны правительства. В связи с этим в библиотеках проводится комплексная работа по подготовке квалифицированных специалистов, внедряющих цифровые технологии, повышающие эффективность для реализации стратегических направлений развития и функционирования нового общества. Внедрение новых информационных технологий – это трансформация и превращение сознания библиотекарей в новшества. Рассказано о достижениях библиотекарей в целях обеспечения читателей качественной информацией, используя новые методы при организации дистанционного обслуживания пользователей.

Материал поступил в редакцию журнала 23.06.2021

Problems of efficient use of remote databases

N.G. Anieva

Sh.Ualikhanov Kokshetau university, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

The article deals with the use of remote databases using information technologies used in libraries. Because of the pandemic that is happening in the world, libraries have begun to actively use remote databases in the process of remote maintenance. There was a need to make available information from the largest foreign and domestic bibliographic databases. For free use of the resources of foreign databases, libraries began to receive additional funds from the government. In this regard, libraries carry out comprehensive work to train qualified specialists who implement digital technologies that increase efficiency for the implementation of strategic directions for the development and functioning of the new society. The introduction of new information technologies is the transformation and transformation of librarians' consciousness into innovations. The article describes the achievements of librarians in order to provide readers with high-quality information, using new methods in organizing remote user services.

Received: 23.06.2021

МРНТИ 16.21.33

Н.Г. Омарова

Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова, Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

ПОНЯТИЕ «ДИСКУРС» В СОВРЕМЕННОЙ ЛИНГВИСТИКЕ

Статья посвящена обзорному анализу понятия «дискурс», его научному определению с точки зрения исследований зарубежных и отечественных лингвистов. Исследование дискурса находится в центре внимания отечественной и зарубежной лингвистической науки в связи с тем, что наука о языке тесно взаимодействует с другими, смежными отраслями знаний – социологией, психологией, философией, литературоведением, этнографией, культурологией. Востребованность и использование термина дискурс в различных областях гуманитарного знания служат свидетельством проявления особого интереса к проблеме дискурса. В связи с междисциплинарным характером дискурса не существует его четкого и общепризнанного определения, способного отразить все случаи употребления дискурса. Статья содержит обобщенный теоретический материал, касающийся таких понятий, как текст, речевая деятельность, дискурс.